

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

8.12.2023ж. күні «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы аясында Шымкент қаласы бойынша «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалардың бірлестігі, Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі мүшелерінің қатысуымен іс-шара өткізілді. Іс-шараға оқу орнымыздың педагогика-психология ББ білім алушылары, педагогика кафедрасының жас оқытушылары қатысты. Іс-шараның модераторлары Шымкент қаласы бойынша «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалардың бірлестігі төрайымы Ж.К.Жазыкбаева мен Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы, «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің мүшесі, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры Г.Д.Сугирбаева болды.

